Шығ. №1
02 сәуір 2018 жыл

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда
облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит
департаменті Басшысына

«Шиелі кенті әкіім аппараты» КММ ұйымдастыруымен қткен 26.03.2018 жылы қорытындысы шыққан №2286111-1 "Шиелі кентін санитарлық тазалау жұмыстары" ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытынды хаттамасында конкурсқа қатысушы СТК «Сасқұм» мекемесін КҚ-талаптарына сай деп қате көрсетілген. Аталған қатысушы ұсынған өтінімінде КҚ-ның 2 қосымшасында талап етілген жұмыстарды орындау үшін әлеуетті өнім берушіде жеке меншік немесе жалға алу құқығында болуы тиіс жабдықтар мен механизмдердің тізіміндегі жабдықтар толық ұсынылмаған. Атап айтқанда 1 дана Автомобиль самосвал 7 тн 1 дана ұсынылмаған. Әлеуетті өнім беруші ұсынған ГАЗ 3507 жабдығы жүк көтеру қабілеттілігі 7 тоннаға жетпейді. Алайда, бұған қарамастан СТК «Сасқұм» конкурс талаптарына сай деп есептеліп, конкурсқа қатысуға жіберілген.

Осыған қосымша конкурс ұйымдастырушысы СТК «Сасқұм» әлеуетті өнім берушісінің жұмыс өтілі дұрыс есептелмеген. Санитарлық тазалау жұмыстарының өтілі 2 жыл. Қалған жылдары тек қатты қоқыстарды жою жұмыстары болған.

Осыған орай Сізден аталған конкурстың қорытынды хаттамасын қайта қарап, жұмыс шартты жеңілдіктерді дұрыс есептеп беруге ықпал етуіңізді сұраймыз.

«Ақжол и компания» ЖШС
директоры **Қасқабаева Ұ.**